



Алхан Бөкейхан: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTOGAI AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

1938 жылдың 15 тамызынан
бастап шығады

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

f www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 8 (7993) 28 ақпан, Жұма 2025 жыл

@ aktogai_red@mail.ru



Елімізде жүзден астам ұлт пен этнос бейбітшілік пен келісімде өмір сүреді. Оларды бір шаңырақ астына біріктіріп, бірлік пен ынтымақтастықты сақтаудағы, татулықты

қамтамасыз етудегі рөлі зор Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына биыл – 30 жыл. Осы уақыт аралығында этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісім үлгісі ретінде әлемде баламасы жоқ Ассамблея белсенділікке, қайырымдылыққа, мейірімділікке баулитын институт ретінде танылды. Бір халық болып тұтасу нәтижесінде экономикалық өрлеуге, әлеуметтік әлеуетке және демократиялық дамуға қол жеткіздік. Қазақстан

халқы Ассамблеясының мерейтойлық жылы Қарағандыдан бастау алды. Атап айтқанда, «Адал азамат» жобасының жеңімпаздары марапатталды.

Облыстың ҚХА «Ақсақалдар кеңесінің» бастамасымен өткен ерекше байқау Ассамблеяның 30 жылдығы мен «Жұмысшы мамандықтары жылына» орайластырылды. Ал, Қарағанды тәжірибесі негізінде «Адал азамат» жобасы ел бойынша кең көлемде насихатталатын болады.

Ассамблея мұраты – адалдық

«Қарты бар елдің қазынасы бар»

Арқа төсінде өткен алқалы жиынға ҚХА төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі Марат Әзілханов, сондай-ақ, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, соның ішінде Сәт Токпақбаев, Жамбыл Артықбаев, Бүркітбай Аяған, этносаралық қатынастарды дамыту комитетінің төрағасы Ғалым Шойкин және республиканың түпкір-түпкірінен ҚХА «Ақсақалдар кеңесінің» төрағалары қатысты. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев құттықтау сөзінде Ақсақалдар кеңесінің дәстүрлерді сақтаудағы және жас ұрпақты тәрбиелеудегі ерекше рөлін атап өтті. – Ассамблея өз қызметінің 30 жылы ішінде қоғамдық татулық пен ауызбіршілікті бекемдейтін негізгі институтқа айналды. ҚХА-ның барлық құрылымдары еліміздің әлеуметтік және қоғамдық дамуына айтулы үлес қосып келеді. Оның ішінде, «Ақсақалдар кеңесінің» рөлі өте зор. Себебі, халқымыздың даналығы, ақыл-ойы мен тәжірибесі солардың бойларында тұнып тұр. Ақсақалдарымыз – тарихымыздың, негізгі ге-нетикалық және этникалық қорымыздың сақтаушылары, – деген Ермағанбет Қабдулаұлы шараға республиканың түпкір-түпкірінен тәжірибелерімен бөлісуге арнайы келген ақсақалдарға алғысын білдірді. Сондай-ақ, облыс басшысы жергілікті тұрғындардың сапалық құрамы еңбек адамының оң имиджін қалыптастырудың берік негізі екенін атап өтті. – Биыл «Ақсақалдар кеңесінің» отырысын Қарағандыда өткізуді жөн санадық. Себебі, биылғы жылды Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Ал, Қарағанды – жұмысшылар өңірі. 500 мыңнан астам жұмысшы дәл осы өңірде еңбек етуде. Бүгінгі шарада озық тәжірибелермен бөлісіп қана қоймай, «Ақсақалдар кеңесінің» «Адал азамат» жобасының аясында дәл сондай азамат тәрбиелеу, өнегелі тәрбие беру жолдарын талқылаймыз, – деді Марат Әзілханов. Қарағандыға еліміздің әлеу-

меттік-экономикалық және мәдени дамуының көшбасшыларының бірі ретінде баға берген Марат Алмасұлы ұтымды қоғамның өзегі – жұмысшылар, еңбек адамы екенін атап айтты.

Еңбек адамы – елдің құты

Алғаш рет өткізіліп отырған «Адал азамат» жобасының жеңімпаздары – күнделікті еңбегімен өңірдің ғана емес, елдің дамуына зор үлестерін қосып жүрген жұмысшы мамандықтарының өкілдері. Себебі, аталған жоба адамгершілігі жоғары және жауапты тұлғаларды тәрбиелеуге бағытталған. ҚХА құрылымдарының басшыларынан құралған комиссия жеті номинация бойынша үздік өкілдерді анықтады. Ұйымдастырушылардың айтуынша, жеңімпаздарды іріктеу кезінде олардың кәсіби еңбегіне ғана емес, сондай-ақ, «Адал азамат» идеясының құндылық бағдарларын бейнелейтін жеке қасиеттерінің болуына да басты назар аударылған. Себебі, Мемлекет басшысы өз сөзінде «Адал азамат» тұжырымдамасының терең мағынасын түсіндіре отырып, жауапты азаматтың негізгі қасиеттері патриоттық, білімділік, еңбекқорлық, кәсібилік, жауапкершілік, әділдік, үнемділік және жауаптылық екенін бірнеше рет атап өткен болатын. Сонымен, «Ерен еңбек иесі» номинациясының үздік өкілі ретінде Т.Күзембаев атындағы шахтаның алдыңғы қатарлы бригадаларының бірінің ұңғымашысы Нұрлан Сатмағамбетов та-нылды. «Шахтер даңқы» белгісінің толық кавалері болып табылатын ол «Адал азамат» идеясының «Еңбекқорлық» сапасының бейнесі болып табылады. Нұрлан Рашидұлы өмірінің 36 жылын шахтадағы жұмысқа арнаған. Өндірістік тапсырмалар мен көрсеткіштерді орындауда үнемі алдыңғы сапта көрінетін ол жас кадрларды тәрбиелеп, оларға тәлімгер болып келеді. – Марапат мен үшін күтпеген жағдай болды. Шахтада ұңғымашы болып жұмыс істегеніме 36 жыл болыпты. Әскери міндетімді өтеп келгеннен соң, ұңғымашы мамандығына оқып, жұмысқа кірістім. Еңбегіміздің еленгеніне қуаныштымын, – дейді (Жалғасы 2-бетте).

Құрметті жерлестер!

Сіздерді келіп жеткен 1 наурыз – Алғыс айту күнімен құттықтаймын! Алғыс айту күні ең алдымен елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған Президенттің бейбітшілік пен келісім саясатының салтанаты күні. 1 наурыз – Алғыс айту күні түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы адамгершілік қарым-қатынастың өнегелі өлшемін айналы. Сондай-ақ бұл күн ел бірлігін бекемдеумен қатар, тұғырлы татулықтың бен ырысты ынтымағымызды жаңа белеске жетелейді. Айтулы күн жақсылықты бағалай білуге, әр іске жақсылықпен жауап қайтаруға, өзара сыйластық пен құрметке бастайды. Кең пейілді қазақ халқы қашанда әрбір игі іске ризашылығын білдіріп, алғыс айтып отырған. Осындай құндылықтардың қадіріне жете білген елдің қашанда келешегі кемел болары анық. Сіздерді елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенім мен барша қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған айтулы мерекемен құттықтай елімізге тыныштық, Отанымызға амандық, отбасыларыңызға бақ-береке тілейміз!

Ақтоғай ауданының әкімі

А.Аманжолов.

Аудандық мәслихаттың
төрағасы Р.Әбеуов

* Бәрекелді

Жас жұлдыздың жеңісі

Биылғы жылдың ақпан айының 22-23 жұлдызында Алматы қаласында халықаралық байқау өтті. Бірінші күні «JAS JULDUZ», екінші күні «Алатау айбыны» атты балалар өнер байқауы болды. Байқауда қамтылған жанрдың ішінен Шашубай кентінен аспапта ойнау жанрынан он жасар Маратхан Айзере



Құрманғазының күйлері «Балбырауын» мен «Адай» күйлерін мүдірмей орындап, көрермендердің көңілінен шықты. «JAS JULDUZ» байқауынан бас жүлдені жеңіп алып дипломмен, кубокпен марапатталып, Анталия қаласына және киноға түсуге жолдама алды. Екінші күні «Алатау айбыны» байқауында дипломмен, кубок, медаль және арнайы сыйлықпен марапатталды. Айта кетсек, Айзере өткен жылдың қараша айында Астана қаласында өткен «Жас талант» байқауынан бас жүлдені жеңіп алып, онда да Грузия, Болгария, Германия мемлекеттеріне жолдама алған. Балқаш қаласына келген Алматы қаласының «Самға самұрық» балалар байқауынан да бас жүлденің иегері болды. Айзере небәрі тоғыз жасында домбыра үйірмесінің жетекшісі Ербекеева Бибігүлден бір жарым жыл ішінде халық күйі Салқурен, Наркескен, Би күйі, Ерке сылқым, Балбырауын, Адай күйлерін ден қоя үйреніп, концерттерге, байқауларға шығып, халықтың ризашылығын алып, Шашубай кентінің мақтанышысы бола білді. Талабы таудай Айзере ұстаздарының көңілдерінен шығып, әлі де талай биік шыңдарға шығып, қазақтың ұлттық аспабымызды насихаттаушысы ретінде күмбірлеген күйімізді асқақтатып, мәртебесін көтеретініне сенеміз. Тіл көзден сақтап, жерлестерінің мақтанышы бола берсін. Елі мен жерінің намысын қорғайтын Дина Нұрпейісова апайымыздай танымал күйшісі болсын.

А.Жаманхан,
Шашубай кенті.

AQTOŒAI AJARY

(Соңы. Басы 1-бетте).

Нұрлан Рашидұлы. Ал, «Ұлағатты ұстаз» номинациясындағы үздік өкіл, «Адал азамат» идеалының «Білімділік» шығармашылық сапасының бейнесі ретінде Вячеслав Варзин танылды. 60 жастағы Вячеслав Витальевич – Теміртау қаласының №14 мектеп-лицейінің физика және робототехника мұғалімі. 40 жылға жуық оқытушылық қызметпен айналысқан ұстаз, информатика бойынша авторлық бағдарлама мен физика бойынша ғылыми-әдістемелік кешен әзірлеген. Оқушылары – көптеген халықаралық және республикалық байқаулардың жеңімпазы. Теміртау қаласында робототехниканы бірінші болып дамытқан мұғалім. Балалар мен жасөспірімдерге арналған Теміртау театрының 3-санатты тігіншісі Татьяна Рубан – «Мәдениет майталманы» номинациясының үздік өкілі, «Адал азамат» идеалының «Кәсібилік» сапасының бейнесі. Жұмысшы мамандықтарының жарқын өкілі ретіндегі Татьяна Владимировна 30 жылдан астам уақыт тігінші болып жұмыс істеді. Оның соңғы 13 жылда Теміртау театрының шығармашылық ұжымына тіккен киімдері жанашылдығымен ерекшеленеді. Ал, «Әділдік сақшысы» номинациясының үздік өкілі, «Адал азамат» идеалының «Әділдік» сапасының бейнесі болып табылатын Айдана Шаймерденова Оңтүстік-Шығыс полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің ювеналды полиция тобының учаскелік полиция инспекторы. Ол – облыстағы кәмелетке толмағандардың қылмыстық істерін тергейтін жалғыз инспектор. «Ержүрек құтқарушы» номинациясының үздік өкілі «Адал азамат» идеалының «Патриоттық» сапасының бейнесі болып табылады. Оған Қарағанды қаласы төтенше жағдайлар басқармасының №10 өрт сөндіру бөлімі бастығының орынбасары Мағарби Бузуркаев лайық деп танылды. Өзінің батылдығы мен кәсібилігінің арқасында «Хантер» ЖШС-нің 10 газ цистернаінің жарылысы кезінде өртті сөндіруді басқарып, 53 газ балонын шығарып, адам шығынының алдын алған Мағарби Хасайнович «Төтенше жағдай кезінде

2

өз өмірің маңызды емес, өзгенің өмірін құтқаруды ғана ойлайсың» дейді. Ал, «Абзал жан» номинациясының үздік өкілі, «Адал азамат» идеалының «Жауапкершілік» сапасының бейнесі ретінде Ғалия Мыңтаева танылды. Ғалия Айтбайқызы Қарағанды қаласындағы №3 емхананың отбасылық денсаулық орталығының бөлім мең-



герушісі, медицина үздігі. «Ізгілік жаршысы» номинациясының үздік өкілі «Адал азамат» идеалының «Үнемшілдік пен жауаптылық» сапасының бейнесі. Дәл осы номинацияға Арина Бекбаева лайықты деп танылды. Ерікті үйсіз жануарларға арналған баспаналармен жұмыс жасай отырып, облыста зооволонтерлікті дамытуда. 2024 жылы баспанасыз қалған көпбалалы отбасына көмек ретінде Қайырымдылық балын ұйымдастырушылардың бірі. Облыстық ҚХА «Ақсақалдар кеңесінің» төрағасы Бекзат Алтынбеков шын көңілден қуана білетін халыққа бақ та, бақыт та, құт та өзі келіп қонатынын айтады. – Елдегі татулық пен бірлікті паш етіп, Қазақстанның басқа елдер алдында өнеге болуына 30 жылдан астам еңбек етіп келе жатқан ҚХА – іргелі институт. Қазақстан халқы бейбітшілік пен достықты қалайды. Ол – тамаша жобалардың авторы әрі іске асырушысы. Елді шын пейілімен сүйетін, қолындағы барымен бөлісе алатын жомарт жандар Ассамблея төңірегіне топтасқан. Ал, қарағандылықтар қарапайым

28 ақпан 2025 жыл

еңбек адамын қолдауда тек алда болмақ, – дейді Бекзат Қомарұлы. Сал-танатты шарада Марат Әзілханов «Адал азаматтың» үздік өкілі – Еңбек адамы Несібелді Досанованы ерекше атады. Ол көптеген жылдар бойы сауыншы ретінде еңбек етіп, Бұқар жырау ауданының қоғамдық саяси өміріне белсенді қатысады.

«Кеңесіп пішкен тон келте болмайды»

«Кеңесіп пішкен тон келте болмайды» Іс-шараның ресми бөлігінен кейін ақсақалдар кеңесінің «Адал азамат – қоғам бірлігінің негізі» атты республикалық отырысы өтті. Отырысты облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей жүргізді. Отырысты ашқан ол Қарағанды облысының ерекшелігіне тоқталды. Бұл бейбітшілік пен келісімде 100-ден астам этнос тұратын өңірдің полиэтностығы екенін, сондай-ақ, дөңгелек үстелде «Адал азамат» жобасын жүзеге асыру талқыланатындығы маңызды екенін атап өтті. Ал, Марат Әзілханов өскелең ұрпақты тәрбиелеуде, моральдық бағдарларды қалыптастыруда және этносаралық келісімді нығайтуда ақсақалдар кеңесінің шешуші рөлін атап өтіп, өңірдегі белсенді ақсақалдарды Алғыс хаттармен марапаттады. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Этносаралық қатынастарды дамыту комитетінің төрағасы Ғалым Шойкин «Адалазамат» Қазақстан халқы Ассамблеясының

Ақсақалдар кеңесі жобасын іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру туралы баяндамасында өңірлердегі Ақсақалдар кеңестерінің қызметін қолдау және дамыту тетіктерімен бөлісті. Қостанай облысының Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Қалқаман Жакып болса, жастардың бойында адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу бойынша өңір тәжірибесімен бөлісіп, бұл үдерістегі ақсақалдардың рөліне тоқталды. ҚХА Аналар кеңесі төрағасының орынбасары Баян Ахатай отбасылық тәрбиенің, дәстүрлі құндылықтарды нығайтудың және ақсақалдар мен аналардың әлеуметтік мәселелердің алдын алудағы бірлескен күш-жігерінің маңыздылығына назар аударды. Ал, ақсақалдардың этномәдени бірлестіктермен өзара іс-қимылының маңыздылығы туралы Алматы қаласы Ақсақалдар кеңесі төрағасының орынбасары Болат Оспанов мәлімдеді. Жастардың еңбек құндылықтарын қалыптастыру туралы Павлодар облысы Ақсақалдар кеңесі төрағасының орынбасары Василий Рак бөлісті. Ал, профессор, «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Нұрсахан Бейсенбекова «Адал азамат» тәрбиесіндегі «Алаш идеясының іргетасы» тақырыбында әңгімеледі. Жиынға қатысушылар Қазақстан халқы Ассамблеясының Ақсақалдар кеңесі бастамасымен «Адал азамат» жобасын талқылады. Жоба жетекшісі – Қарағанды облысының Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Бекзат Алтынбеков. «Адал азамат» жобасы жастарды да, ересек ұрпақты да қамтитын әлеуметтік топтардың кең ауқымына бағытталған. Мақсаты – азаматтарда отансүйгіштік, әлеуметтік жауапкершілік, Қазақстанның еңбегі мен мәдени мұрасын құрметтеу құндылықтарын қалыптастыру. Отырыс қорытындысы бойынша қатысушылар «Адал азамат» жобасы аясында өскелең ұрпақты тәрбиелеу бойынша жұмысты күшейту қажеттігі туралы шешім қабылдады.

Салтанат ІЛИЯШ,
Материал «Ortalyq Qazaqstan» газеті сайтынан алынды.



** Білім стандарты*

Буллинг және кибербуллинг: оқушы психикасына әсері және алдын алу

Буллинг және кибербуллинг мектептерде жиі кездесетін мәселелерге айнауда, бұл оқушылардың психикалық денсаулығына қатты әсер етеді. Балалар мен жасөспірімдер үшін бұл қорқытудың екі түрі де бала психикасына психологиялық зардап әкелуі мүмкін. Қорқытудың психологиялық әсеріне көбіне депрессия, мазасыздық, мектепке барудан қорқу және өзін-өзі төмен бағалау жатады. Буллинг оқушылардың психикалық денсаулығына ауыр және ұзақ мерзімді әсер етеді. Қорқытуға ұшыраған балалар жиі алаңдаушылықты, оқушаулану сезімін, депрессияны және мектептен қорқу бастан кешіреді.

Әлеуметтік желілерде және месенджерлерде орын алатын кибербуллинг мәселені ушықтырады, өйткені құрбандардың одан құтылу мүмкіндігі жоқ, бұл тұрақты күйзеліске және дәрменсіздік сезіміне әкеледі. Тұрақты қысым мен қорқыныш баланың психикасына, денсаулығына кері әсер етіп, эмоционалды ұзақ

мерзімді жарақат салады.

Буллинг және кибербуллингке тиімді қарсы тұру үшін мектеп қауымдастығының барлық деңгейлерінде алдын алу шараларын енгізу маңызды. Өзара сыйластық мәдениетін және мектептерде қолдауды қалыптастыру үшін білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру керек. Оқушыларға жанжалды бейбіт жолмен шешуге және эмпатияны дамытуға үйрететін танымдық сабақтар салауатты орта құруға көмектеседі. Мұғалімдерге баланы қорқыту жағдайларын жедел анықтау ғана емес, сонымен қатар оқушыларды қорқытуға тап болған жағдайда қалай әрекет ету керектігін үйрету маңызды, жан-жақты әлеуметтенуі мен зардап шеккен балаларға арнайы мамандар жұмыстар атқаруы тиіс.

Кибербуллингтің алдын алуда ата-аналар маңызды рөл атқарады. Балаңызбен оның интернеттегі тәжірибесі мен мектептегі қарым-қатынасы туралы ашық сөйлесу

мәселені ерте ашуға көмектеседі. Сондай-ақ, ата-аналар балаларды онлайн режимінде қауіпсіз мінез-құлық туралы және оларды қорқыту туралы ересектерге хабарлау керектігін айтып отыру керек. Алдын алу және қолдау әрбір оқушы қорқытудан қорықпай дами алатын қауіпсіз мектеп ортасын құруға үлкен көмек болмақ.

Мұғалімдер сыныпта қауіпсіз және қолдау атмосферасын құру үшін қарым-қатынас дағдыларын дамытуға және қақтығыстарды басқаруға бағытталған сабақтарды ұйымдастыру тиімді нәтиже береді.

Мұғалімдердің, ата-аналардың және мектеп әкімшілігінің бірлескен күш-жігері әр оқушының өзін қауіпсіз сезінуіне жағдай жасайды.

М.Кәрім,
«Қызыларай жалпы білім беретін мектебі»
КММ-сі педагог-психологы.



Игі істер уақыты: Қасиетті Рамазан айы

«Мұхаммед үмбетіне айтқан жарапазан, оразаң қабыл болсын ұстаған жан!»

Мінеки күллі мұсылман баласы асыға күткен киелі де берекеге толы айға да жеттік. Бұл ай жайлы пайғамбарымыз Мұхаммед Алланың оған сәлемі мен игілігі болсын былай деп сүйіншілеген: «Сендерге Рамазан айы келді, бұл бере-кеге толы ай. Алла осы айда оразасын парыз етті. Бұл айда жәннат есіктері айқара ашылып, тозақ есіктері жабылады».

Яғни, бұл пенденің ұлы жаратушының мейіріміне толық бөленетін үлкен мүмкіндік. Ата-бабаларымыз да бұл ай кірісімен бір-бірлерін құттықтап, балалар үй-үйді сүйіншілеп жарапазан айтатын. Бұл қасиетті айды күллі мұсылман жұртшылығы сағынып, ерекше қадірлеп, асыға күтіп алады. Алла Тағаланың әміріне бас иіп, ораза ұстап, мұқтаждарға жәрдемдесіп, тағат-құлшылықтар жасап, жан дүниесі рухани демалады. Себебі, ұлық Алла тағала өзінің көлемін Құранды осы айда түсірген. Алланың елшісінен қалған ұлы сүннеттердің бірі бұл айда көбірек құран оқу, сол себептіде барлық жер дүние жүзіндегі мешіттерде тарауық намаздарында бір ай бойы құранды толық хатым етеді. Сіздердіде құрметті жамағат аудандық мешітімізде арнайы Түркия мемлекетінен келетін құран жаттаған қаридың артынан намазға ұйып, мол сауапқа иеленуге шақырамыз. Алла тағала қасиетті құранда «Қашан Құран оқылса, оған құлақ салып тыңдандар да үндемендер. Осылайша рахымға бөленерсіңдер» – деп «Аграф» сүресі, 204-аятында баян етеді. Алла баршамыздан осы ұлықта қасиетті айдың барша жақсылығын күллі мұсылман баласына нәсіп етсін...

Сәресіде айтылатын дұға:

يَلَاغَتْ لَيْلٌ أَصْلَ أَخٍ بِرِغْمٍ لَا يَلَاغُ إِلَّا نَمَنَ اضْمَرَّ مَشْ مُوَصَّ مُوَصَّ أَنْ أَتَيْتُ يُون

Оқылуы: «Нәуәйту ән асумә саумә шәһри Рамаданә минәл фәжри иләл мағриби халисан лилләһи табалә».

Мағынасы: «Таңертеннен кешке дейін Алланың ризалығы үшін Рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім».

Ауызашарда оқылатын дұға:

قَوْرُغِلْ اِتْلَ تَبْأَوُ اْمَظْلَا بَدَتْ رَطْفَا الْكَقْزَرِ عِلْعَ وَ تَلْ كَوْتْ كَيْلِ عَ وَ تَنْمَ الْيَبْ وَ تَمْصُ كُلْ مُقْلَا
مُلْ اءَاشْ نَارْ جَالْ اِتْبَشَوُ

Оқылуы: «Аллаһумма ләкә сумту уә бикә әәмәнту уә ‘аләйкә тәуәккәлту уә ‘ала ризқикә әфтарту. Зәхәбә Зомә уәбтәллатил-‘урук уә сәбәтал-әжру ин шәә Алла».

Мағынасы: «Алла Тағалам! Сенің ризалығың үшін ораза ұстадым. Сенің берген ризығыңмен аузымды аштым. Саған иман етіп, саған тәуекел жасадым. Шөл кетті, тамырлар суланды, иншалла, сауабы да жазылды».

Е.Қапасов,

Ақтоғай ауданының бас имамы.

Жаңа тағайындау



Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы (Мемлекеттік қызмет туралы) №416-V Заңының 29 бабының 1 тармағына, 30-бабының 1 тармағына сәйкес өкім еттім

Конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған Спанов Серикбол Армияұлы 2025 жылдың 24 ақпанынан бастан

«Ақтоғай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-нің басшысы (Е-Р-1 санаты бойынша) болып тағайындалсын.

Ақтоғай ауданының әкімі А.Аманжолов.

Спанов Серикбол Армияулы 1988 жылы дүниеге келген.

Білімі жоғары. 2014 жылы Қарағанды мемлекеттік техникалық университетін «көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдау ұйымдастыру» көлік бакалавры мамандығы бойынша аяқтаған.

Еңбек жолын 11.11.2010 жылы Қарағанды электр жабдықтауыш дистанциясында электромонтер болып Қарағанды қаласында бастаған, 04.11.2013 жылы ЖШС «Базис» құрылыс компаниясында плотник болып жұмыс істеген.

30.06.2016 жылдан бастап Қызыларай ауылдық округі әкімі аппаратында бас маман міндетін атқарушысы.

30.09.2019 жылы Қызыларай ауылдық округі әкімі аппараты ММ, бас маман болып қызмет атқарды.

03.10.2019-21.02.2025 жылдар аралығында Қызыларай ауылдық округінің әкімі.

Отбасылы.

* Табизат – тал бесік

Табиғатты қорғау – адамзаттың борышы

Табиғат – тіршілік атаулының құтты қоныс-мекені, тіршіліктің түлеп өсуіне қажет, жер бетіне көрік берген сәні. Халқымызда табиғат деген сөз жер, туған жер, атамекен ұғымдарымен қатар тұрады. Әрбір азамат табиғат алдында өзін жауапты, барлық жануарды киелі санап, өзен, көл жағалауларын таза ұстап, бұлақ көрсе көзін ашып, жастайынан балаларының санасына сіңіріп, бойларын жақсылыққа үйреткен. Жалпы, Қазақстан топырағы киелі, құнарлы. Қоршаған ортаның бүтіндігін сақтау үшін, адамның, оның моральдық, этикалық дағдыларын өзгертіп, табиғат пен адам арасында жаңа көзқарас қалыптастыру қажет. Әрбір қоғам мүшесі табиғат құбылыстары заңдылықтарымен таныс болуы керек. Экологиялық сауатсыздықты жою Үкіметіміздің халық арасында жүргізетін маңызды мәселелеріне айналуы тиіс.

Табиғатты қорғау қарапайым дү-
ниеден басталады деп ойлаймын.
Мәселен, жас ұрпақты табиғатты
қорғауға тәрбиелеу ұлттық негіздегі
балабақшадан басталады. Табиғат пен

қоршаған ортаны қорғаудың жолдарын ұғындыру, жалпы халықтың экологиялық сауатын ашу, жастарға үздіксіз білім беру нәтижесінде ғана шешіледі. Біз бәріміз де табиғатты қорғауда, сақтауда және оны дұрыс пайдалануда ұрпақ алдында, тарих алдында жауаптымыз. Міне, осы тұрғыдан барлық жеткіншікке экологиялық тәрбие мен білім беру – олардың дұрыс дүние тану көзқарасын қалыптастырады. Қашан да табиғатты аялайық. Ол өктемдікті көтермейді. Табиғатқа адал болайық, ал адалдық табиғат үйлесіміндегі қатынастардың шынайылығы мен табиғилығын айқындайтын категория екені сөзсіз.

«Табиғатсыз адамзаттың күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ» деп халық даналығында айтылғандай, табиғатты қорғау біздің міндетіміз, болашақ ұрпаққа қалдырар байлығымыз. Сондықтан табиғаттың жанашыры болу әр адамның міндетті борышы екенін біліп жүрейік!

Азамат Асылбеков,

**«Тоқырауын орман шаруашылығының»
орман шебері.**



Жақында Республикамызға ежелден белгілі атақты «Ақтоғай халық театрының» «Бозторғай» қойылымы көрермен назарына ұсынылды. Қойылған шығарманың авторы және режиссеры жас драматург, әм режиссер 2023 жылы ҚР Жастар арасындағы «Мәдени тынығу қызметкерлері» олимпиадасының «Үздік режиссерлық шешім» номинациясының бас жүлдегері, аудандық Мәдениет үйінің режиссері Құлмұхаммет Серікғалыұлы.

қажыған Аңсағанның жан айқайы. Кейіпкерлердің психологиялық тереңдігі. Аңсағанды сомдаған Әділжан Кәу-кербек кейіпкерінің жан-жақты қырларын ашып, шебер көрсете білді. Драмадағы кейіпкерлер қарапайым болғанымен, олардың әрқайсысы арқылы автор әлеуметтік мәселелерді көтереді. Мысалы, Қанат (сомдаған Қазақстан Республикасының Еңбек Озаты төс белгісінің иесі актер Нұржан Әлібеков)

«Кіндігінің қаны тамған жерге, маңдайының тері де тамуы керек» деген сөзі – автордың негізгі идеясына айналған. Бозторғайдың шырылы – әрбір адамның жүрегінде қалған балалық шағының, туған жерінің үні іспетті. Ол үнді естіп, оған қайта оралу – рухани жаңғырудың, өзін табудың жолы. Жас таланттар ауыл руханиятының шамшырағы. Әдебиет пен өнер – қоғам айнасы, руханияттың темірқазығы.



Жас драматургтің жарқын қадамы

Қазіргі қазақ драматургиясында заман ағымына аясында жазылған адам мен туған жер тақырыбындағы шығармалар аз емес. Десе де, Серікғалыұлы Құлмұхамметтің «Бозторғай – Есейіп кеткен жүректен...» драмасы бұл тақырыпқа өзіндік бояуымен, ерекше психологиялық тереңдігімен келеді. Бұл пьеса – бүгінгі замандағы жан-жақты дағдарысқа түскен адамдардың ішкі жан дүниесінің арпалысы мен қысылғанда тіреуі болатын туған жерге деген сенімі мен сағынышының философиясы мен сенімінің ойлы көрнісі...

...Шымылдық ашылып қойылымның алғашқы көрінісі басталды. Театрды сағынып қалған көрермен залға лық толды. Залға толы үлкенді-кішілі көрерменнің барлық ынта-назары ойын актерларының толғана сөйлеген сөздерінің ығына бағынып оқиға жалғасының әсеріне іштей қосылып бір тұтастыққа айналды...

Шығарма желісіне үңілсек басты кейіпкер Аңсаған (кейіпкерді сомдаған Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының түлегі, жас актер Кәуербек Әділжан) – мансап пен байлықтың соңынан қуып жүріп, өмірінің мәнін жоғалтып алған адам. Қалада абыройлы қызмет атқарып, материалдық тұрғыдан таршылық көрмесе де, оның жүрегіндегі бір ұмыт болып тасада қалған өмірінің мәні «мені ізде» – дегендей тынымсыз мазалайды... Осы ұмыт болып бара жатқан, жан-жарасының түпкі себебі – туған жерден алыстау, балалық шағы өткен ауылдан қол ұзу. Драмада Аңсағанның түсінде көрген бала кейіпкер – оның өзінің есейіп кеткен жүрегі, жан-дүниесіндегі балалық аңсағанның бейнесі. Бұл бала – өмірдің таза әрі шынайы сәттерін аңсаған, қала тіршілігінің жасандылығынан



– материалдық қиындықтар мен қоғамдағы әділетсіздіктің құрбаны, бірақ сонымен қатар ол сол жүйеге бейімделіп, ар-ұятын саудалаған адам. Бұл кейіпкерді сомдауда Нұржанның қалыптасқан актерлық шеберлігі ерекше көрініп тұрды. Дәуіт Ата (республикалық, облыстық өнер сайыстарының майталманы, бірнеше дүркін лауреаты атанған Ақтоғай халық театрының ардагері Жоламан Жакупов) – туған жердің, ауылдың символы. Ол – өмірдің мәнін адал еңбек пен қарапайым тіршіліктен табатын, дәстүрге берік дала данагөйі. Ауыл мен қала – екі түрлі әлем. Шығармада қала мен ауылдың айырмашылығы айқын көрінеді. Қаланың тор секілді көрінуі – адам еркіндігінің шектелуін, адами құндылықтардың құлдырауын бейнелейді. Авторлық ұстаным – даланың заңы. Пьеса соңында Дәуіт ақсақалдың:

Осындай ұлы мұратты жүрегіне ту етіп, оқуларын тәмамдай сала туған жеріне оралған жас түлектер – Әділжан мен Құлмұхаммет ауыл мәдениетінің өркендеуіне жаңа леп, тың серпін әкелді. Осы арада айта кететін бір жайт театр қойылымында орындалатын кейіпкерлер ролі айтатын сөз көлеміне қарамай тең жауапкершілікте болады. Сондықтанда көпшілік сахнасында ойнаған Сейдіғали Әли мен Кәрімбек Нұрланнның қойылымда сомдаған рөлдері ерекше орын алғандығын атап өтсек те артық болмайды. Осы шағын мақала соңын қорыта айтсақ «Ақтоғай халық театрының» дәстүрін жалғастырып жастардың ұйымдастыруымен сахналанған алғашқы қойылым көрермен көңілінен шығып, ауыл сахнасының сәнін келтірді. Олар бұл еңбектерімен ауыл өнерінің өлмейтінін, қайта жаңғырып,

жаңа биікке көтерілетінін дәлелдей білді. Бір қойылым арқылы ауыл тұрғындарының мәдениетке, рухани байлыққа деген ықыласын оятып, сахна өнерінің құдіретін паш еткен бұл жастардың алар асуы әлі алда. Ең бастысы – олар туған топыраққа деген сүйіспеншіліктің, адалдық пен еңбектің шын үлгісін көрсетіп отыр. Сахна саңлақтарына ақ батасын берген Қазақстанның мәдениет қайраткері, драматург Аманолла Шәйбеков: «Бұл қойылым ауыл тұрғындарының мәдениетке, рухани байлыққа деген ықыласын оятқан, сахна өнерінің құдіретін паш еткен бұл жастардың алар асуы алда. Ең бастысы – туған топыраққа деген сүйіспеншіліктің, адал еңбектің шын үлгісін көрсетіп отыр», – деді. Қойылымның бас режиссері алдағы уақытта театр жұмысын одан әрі жандандыруға уәде етті. Айта кетейік, бүгінгі жас режиссер Құлмұхаммет Серікғалыұлы, драматург Аманолла Шәйбековтың немересі. Ал, марқұм әкесі Серікғалы Шәйбеков (2000 жылы Мәдениетті қолдау жылына арналған 52 облыстық және үлгілі театрлардың байқауында «Үздік режиссерлік еңбегі үшін» дипломымен марапатталған. 2000 жылы Әлжаппар Әбішевтың 100 жылдығына орай «Мәдидің шайқасы» спектакілімен үздік деп танылып «Шалқар» халық театрының режиссері Серікғалы Шайбековтың жетекшілігімен «Ең үздік спектакль» қойылымымен бас жүлдені жеңіп алған) режиссер болып, үш жыл «Шалқар» халық театрында, бес жыл «Ақтоғай» халық театрында қызмет жасаған. Ұрпақтар сабақтастығы деген осы болар.

Нұрдос Кәрім,
Орталық Қазақстан газетінің тілшісі.

Шәкірттерім қияға қалықтаған күн

"Бозторғай" ауылым деп шырылдаған қос құлынымның алғашқы тырнақалды туындысы. Көзіңе жас, көңілге ой салды Самал жел баяғыдай емес. Салқыны да, лебі де бөлек. Шаңдатып соққан қара дауылдан кейінгі өлі тыныштық секілді. Құлазып қалған жазық далада бір түп тобылғы да селт етпейді. Бір кездері сыңғырлай аққан бұлақтың орны кеуіп, жарылып кеткен. Шөп басы сиреп, бозала таңның өзінде әлденені күткендей сұлық жатыр. Есік алдындағы ескі теректің түбі шөгіп, жапырақтары сарғайып кеткен. Ағаштың құраған бұтақтарында баяғы балалық шақтың күлкісі ілініп қалғандай елестейді. Мына қаңыраған үйдің табалдырығынан асығып аттаған, қуана жүгірген күндер көз алдына келді. Бірақ қазір... Үнсіздік. Алдынан әбден тозығы жетіп, тозған ауылдың куәсі болып, қажыған қарияның қарлыққан үні шықты. Күтсіз қалған ауылдың ащы бейнесі дерсің.... Есіктің алдына келіп, тоқтады. Сыртына шөп өсіп кеткен көне қақпаны ақырын ашты. Ішінен баяғы анасының "Балам, шәй ішесің бе?" деген даусы естіліп кетердей болды. Бірақ оны үнсіздік тұншықтырып жіберді. Маңдайшаға әкесі өзі өріп іліп қоятын қамшысы мен жүгенді көнекөз қария



қолына ұстатты. Уақыт шаңға көміп тастаған бәрін. Жастық шағы, үміті, арман қуып кеткен күндері, бәрі бір сәтте көз алдынан өте шықты. Қалаға кеткенде арқалаған арманы алдап соғып,

алысқа жетелеген. Енді оралып келсе, бәрі кеш. Ауыл тозыпты. Өзен тартылыпты. Тірі жан жоқ. Әке-шешесі... төмпешік боп қана жатыр. Ол олардың қабірі басына келді. Жасыл шөптің орнына құраған арамшөп қаулап кеткен. Баяғыда, бала күнінде шешесінің – Балапаным, шаршадың ба? Жүр, бір шыны шәй ішіп алайық, – деп маңдайынан сипаушы еді. Сол алақанның ыстық табын іздеді. Жоқ. Маңдайынан сипайтын да, "Балам, шаршадың ба?" дейтін де ешкім жоқ. Көзінен ыстық жас парлап ақты. — Әке... Шеше... мен келдім... кеш келдім... Тізерлеп отыра кетті. Құшақтап еңіреп жылады. Өзегі өртеніп жылады. Арманы үшін, қала үшін тастап кеткен туған жері үшін, ата-анасы үшін... бәрі үшін жылады. Бірақ ешкім жауап қатпады. Тек баяғы терек басында қалған сағыныш қана желмен сыбдыр қағып, оның шерін костап тұрғандай. Өзен кеуіп қалған. Үй қирап қалған. Ауыл бос қалған. Тек оның жүрегі қаңырап қалды. Мәңгіге.

Пальмира Ермекова,
К.Байсөтөва атындағы ЖББТМ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші.

Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Қызыларай ауылдық округінің әкімін сайлауын тағайындау туралы хабарламасы

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14 бабы 3 тармағына, 113-1 бабына сәйкес, Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының аумақтық сайлау комиссиясының 2025 жылғы 26 ақпандағы № 1 қаулысымен Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының Қызыларай ауылдық округі әкімінің сайлауы 2025 жылдың 6 сәуіріне тағайындалғанын хабарлайды.

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.

2025 жылдың 6 сәуірге тағайындалған Ақтоғай ауданының Қызыларай ауылдық округі әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу бойынша Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының құрамы мен орналасқан жері туралы ХАБАРЛАМА

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: 100200, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Ө.Бөкейхан көшесі, 10Г, байланыс телефондары: 8(71037) 2-11-67.
Алибаев Алтай Баймағанбетович – төраға
Райымбеков Жанболат Жанатбекович – төрағаның орынбасары
Иманбекова Амангуль – хатшы
Сейсенбаева Асем Сайлаубековна, Жумадилова Толкын Нурланқызы, Игебек Индира Даулетбекқызы, Жунусбекова Жадыра Жумашиовна – комиссия мүшелері.
Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.

2025 жылғы 6 сәуірге тағайындалған Ақтоғай ауданының Қызыларай ауылдық округі әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі сайлау учаскесінің шекаралары

№ 459 сайлау учаскесі
Сайлау учаскесінің орталығы - Қызыларай ауылдық округі, Ақжарық ауылы, У.Жәнібеков көшесі, 11. Клуб үйі.
Сайлау учаскесінің шекарасы: Ақжарық ауылында Сеңкібай би көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 6/1, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 39, 40, 42, 43, 44, 45, 46 үйлер, С.Оразалин көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 үйлер, У.Жәнібеков көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 17/1, 18, 19, 19/1, 19/2, 20, 21, 23, 24/1, 24/2, 25/1, 25/2, 26, 30 үйлер, Егемен Қазақстан көшесіндегі № 1, 2, 3, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24 үйлер, Ақтоғай ауданына 50 жыл көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 50, 52 және Қостанқол, Нығыман, Ордабек, Деңгелбай, Көкше, Жазбек, Әмірхан, Қаратұмсық, Стандарт, Сүлеймен, Қарасиыр, Кәргөң, Үрпек, Алтуайт, Керімбай, Өтей, Алшынбек, Қыдырәлі, Жүнісбек, Ысқақ, Тұрсынбай, Дәмбай, Ақбұйрат, Бек, Күлмаған, Ермекбай, Лиман, Жанабай-Мекебай, Оңбай, Қарақойтас, Сатай, Кенасу, Саржал, Ақбұлақ, Шабан, Көлденен, Домай, Ақбиік қыстақтары.
Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.

2025 жылғы 6 сәуірге тағайындалған Ақтоғай ауданының Қызыларай ауылдық округі әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі учаскелік сайлау комиссияларының құрамы мен орналасқан жері туралы ХАБАРЛАМА

№ 459 сайлау учаскесі:
Сайлау комиссиясының құрамы:
Сағымбекова Меруерт Мейрхановна – төраға
Бейсенбеков Сағат Сайлауович – төраға орынбасары
Үсенбек Нұрқат Қамариденұлы – хатшы
Айтжанова Анар Орынбековна, Қапан Аружан Біржанқызы – комиссия мүшелері
Сайлау учаскесінің орталығы: Қызыларай ауылдық округі, Ақжарық ауылы, У.Жәнібеков көшесі, 11. Клуб үйі.
Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.

Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны, құрметті **Ыбышев Амантай Орманұлы** 63 – зейнеткерлік жасқа толған мерейлі қуанышымен шын жүректен құттықтай отырып, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, қажымас қайрат, бақ-береке тілейміз. Отанасы Нұргүл екеуіңіз жұптарыңыз жазылмай, зейнеткерлік демалысыңыздың әр күні шаттыққа толы болсын. Балаларыңыз бен немерелеріңіздің қызығына тоймай, өмірдің биік шыңдарынан сүрінбей өте беріңіздер. Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз артып, айтылған ақ тілектер періштенің құлағына шалынсын дейміз.

Зейнеткерлік жасыңыз құтты болсын,
Қуаныш пен шаттыққа орта толсын.
Денсаулық мықты боп, ұзақ жасап,
Шаңыраққа бақыттың құсы қонсын.

Тілек білдірушілер: қайынапа, балдыздары – Төлеу, Қуандық-Гульфайрус, Сүйіндік-Ләззат.



Құрметті әке, қымбатты асқар тауымыз **Ералы Исатайұлы!**

Өміріңіздің тағы бір белесі, яғни, 63 жас, зейнетке шығар жасыңызда, осы ерекше күнде біз сізге шексіз алғыспен мен сүйіспеншілігімізді білдіргіміз келеді. Сіз бізге әрқашан тынымсыз еңбектің, күш пен адалдықтың үлгісі болдыңыз. Сіздің қолдарыңыз тек заттарды ғана емес, сонымен бірге біздің отбасымыздың ішіне махаббат толтырып, жайлылықты да жасады, сіздің сөздеріңіз бізді сенімділікке жетеледі. Бұл күні біз сізге мықты денсаулық тілейміз, сіз әрқашан осындай күшті және жігерлі болып қала беріңіз. Сіздің әрбір күніңіз қуаныш пен атқарылған жұмыстан қанағаттануға толы болсын, өміріңізде әрқашан жаңа жетістіктер мен қуанышты сәттерге орын болсын. Жасыңыз ұзақ, деніңіз сау болсын.

Тілек білдірушілер: балалары, немерелері, осы тілекке анамыз Нұрбала және апаларымыз Тұрымтай мен Бақытжамал да қосылады.



Құрметті апайымыз **Кукеева Алияш Керімбайқызы!** Сізді келіп жеткен мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

Уақыт – ешкім тоқтата алмайтын алып кеме. Сол кемеңіз жүрісімен сіз де өмір толқындарымен араласа жүріп алғысынызы баспалдаққа да аяқ басып отырсыз. Қазақ алғысты талтүс демей ме? Ендеше, сол шағыңызда Тәңірдің шапағаты төгіліп, ғұмырыңыз салтанатты болғай. Денсаулығыңыз мықты, ғұмырыңыз ұзағынан болсын. Өмірдің жақсылықтарына куә болып, тілеулес жандардың арасында беделіңіз артып, ырыс-несібеңіз молая берсін.

Өмір жыры таусылмасын мәңгілік,
Тұрсын алдан арайланып таң күліп,
Бақыт болсын әрқашанда жолығар,
Шаттығыңыз тау суындай молығар.

Ақ тілекпен: бауырлары.



Ақтоғай ауылының тұрғыны көңілі кең, жүрегі мейірімді, жеңгеміз **Несінбала Климқызы** алғыстың асқарына шыққан жасыңыз құтты болсын! Ағайынға қамқор, қатарласына құрметті, достарына дархан, жанұяда жайсаң жан, арақты ана әрқашан ұрпақтарыңыздың қызығына кенеліп жүре беріңіз. Алла шаңырағына шаттық, баянды бақыт, ұзақ ғұмырды нәсіп етіп, ортамызда шұғылалы шуағыңызды шашып жүре беріңіз.

Жаныңыз жаз, шуақ сепкен жүрегіңіз,
Жаныңыз жаз, шуақ сепкен жүрегіңіз,
Бір әулеттің ұйытқысы бір өзіңіз.

Тілек жолдаушылар: Жарқынбаевтар әулеті.

Құрметті құрдасымыз **Құсайынова Айгүл Камбарқызы!**

Сізді 60 жасқа келген мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Осы туған күніңізде Тәңірдің шапағаты төгіліп, ғұмырыңыз салтанатты болғай. Тағдырдың тартқан сыйы ордалы отбасыңызда тамырын тереңге жайған бәйтеректей отағасы екеуіңіз немере-шөберелеріңіздің жақсылықтарына куә болыңыздар. Сізге мықты денсаулық, қажымас қайрат, мол бақыт тілейміз. Жүзіңізден шуақ кетпей, мұңды жолатпасын. Ортамызда күліп-ойнап, шаттыққа ке-неліп, бақытқа бөленіп, ұзақ жасай беріңіз. Әлі талай мерейлі жастарды еңсеріп, сәт сайын қызық-мерейлі жастарды еңсеріп, қуанышқа кенеле беріңіз.

Ақ түйенің қарны бүгін жарылсын,
Туған-туыс үйге бүгін ағылсын.
Ақ ниетпен тілеген ақ тілектер,
Періштенің құлағына шалынсын.

Игі ниетпен: Зәуреш, Назира, Өрік-Қарлығаш, Жанболат-Мәрзия, Қанат-Алкен, Серік-Зайдагүл, Ерлан-Айгүл.



Жайдары мінезімен де, талантты өнерімен де халқының сүйіктісі болған – Совет



Өз ісінің маманы

Марқұм Совет Мұсаұлы 1939 жылы Ақтоғай (бұрынғы Қонырат) ауданында дүниеге келген, М.Горький атындағы орта мектепте білім алған. Шешесі Бибіш марқұм жалғыз баласын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, қатарынан кем қылмай асырап, тәрбиелеп, ер жеткізіп өсірді.

Мектептен соң, Қарағанды қаласындағы киномеханик – автоклуб жүргізушісі оқуын оқып бітіріп, аудандық клуб үйіне, кейін мәдениет үйіне автоклуб меңгерушісі болып жұмысқа орналасады. Міндетті жұмысын атқара жүріп, көркемөнерпаздар үйірмесінің тұрақты мүшесі болады. Өзінің ақжарқын, қуақы, күлдіргі қалжыңдарымен, ашық мінез қылықтарымен ұжым мүшелерінің арасында сыйлы, қадірлі беделге ие болады. Марқұм Совет 1960

жылы өмірлік жары Шәйзамен үйленіп отау құрды, үйлену тойында болдым.

Өнер десе жанып түсуші еді. 1961 жылдан бастап оның өнердегі жұлдызы жарқырай түсті. Аудан өміріндегі ұйымдастырылып атқарылған мәдени шаралардың бел ортасынан



көрінеді. Ол мәдениет үйі жанында ұлт аспаптары оркестрінің лайықты мүшесі болды. Оның жеке ән орындаушылық қабілеті де жоғары болды. Ол орындаған «Почтальон» әні халықтың құлақ құрышын қандырып, дүр сілкіндіріп, оның мерейін үстем қылып, абыройын асқақтатты. Мұнымен қатар, ол мәдениет үйі жанындағы құрылған драмалық театрдың да қабілетті, талантты әртісі де болады. Оның сомдай орындаған кейіпкерлері үнемі халық көңілінен шығып

отырды. Әсіресе, «Ақан сері – Ақтоты» драмасындағы оның орындаған Қоңқай бейнесі шынайы, нанымды, әсерлі шыққандықтан, халық жоғары бағалады.

Аудан мәдениетін өркендетуде көркемөнер саласында Төлеу Аяғанова, Қуат Қо-

хозындағы елді мекендерді автоклубтен аралап, халыққа кино көрсетіп, лекция оқып, лездеме-газет шығарып, мәдени, үгіт-насихат жұмыстарын қоса атқарып, ел алғысына бөленген еді.

Бұл салада Әбікен Еজেбаев, Әнуар Қарақонысов, Аманкелді Дәулетияров, Хамза Мұсағұлов, Еламан Сейсембеков марқұмдармен және Қажымұқан Кәріпжановпен (қазіргі кезде Алматыда тұрады) бірге жүріп халыққа абыройлы қызмет жасады. 1970 жылы қыркүйек айында отбасы жағдайына байланысты сол кездегі XXII партсъез совхозына, қазіргі Нарманбет ауылына автоклуб меңгерушісі әрі киномеханик жұмысына ауыстырылып қоныс аударды. Өмірінің соңына дейін жүрегі көркемөнер деп соғып, халқына адал қызмет етті, соны өзі бақытым деп санап, мақтан етті.

Осындай нар тұлғалы абзал азамат, қадірлі әке, аяулы жар болған Совет Мұсаұлы 1987 жылы 30 қыркүйекте өмірден озды. Артында қалған өмірлік жары Шәйза аманесен, ұяға қонған ұлдары мен қияға қонған қыздары бар. Әр түрлі салада жемісті еңбек етуде. Қазірде жұбайы Шәйза Нарманбет ауылында қайырлы ғұмыр кешуде.

Еске алушы:
Тұрғанбек Түсіпбай,
әріптесі.

Совет аға туралы

Ол отырған ортасын баурап алатын, жарасымды әзіл – қалжыңдары бар, жүрген жері тойдұман, кішіге аға, үлкенге іні, жайдарлы, жарқын мінезді, ақкөңіл азамат еді. 1959-1970 жылдары аудандық мәдениет бөлімінде жұмыс жасады.

Мәдениет бөлімінде 3-4 автоклуб болатын. Әрбір автоклубта: автоклуб меңгерушісі, киномеханик, шофер, моторист деген 4 штат бар. Біз бір автоклубта жұмыс жасадық, ол – шофер-киномеханик, мен болсам – моторист. Ал автоклуб меңгерушісі Шойынбай Балқыбеков деген кісі болатын. Біздер жас болдық, көп қателесетінбіз. Сондай уақытта Совет аға өнерлі жастардан айырылмауға тырысып, бастықтарға айтып, қорғап қалатын. Ол кісінің мінезі шапшаң, әділетсіздікке төзбейтін. Бізді кейде жөндеп алып, жөн сілтейтін. Ол кезде ауыл шаруашылығындағы еңбек адамдарына (шопан, бақташы, дикан т.б.) құрмет ерекше болатын.

Күн құрғатпай соларды аралап, мәдени қызмет көрсететінбіз. Совет аға домбырада жақсы ойнаумен қатар, әзіл, ойнақы әндерді келтіріп орындайды. Кейде өз жанынан да өлең шумақтарын қосып жіберетін. Есімде қалғаны, Біржан салдың «Жаяу Мұсаның әні», «Ағашаяқ», халық әні «16 қыз» сияқты әндерді жанымен сүйсініп орындайтын. Ол кезде мәдениет бөлімінде халық театры болатын. Ол театрды дарынды да туа біткен талант иесі Тұрған Түсіпбаев деген азамат басқарды. Совет аға осы театрдың белді бір мүшесі болды. «Ақан сері – Ақтоқты», «Қаракөз», «Құдағи келіпті» спектакльдерінде дәстүрлі дәрежедегі образдарды сомдап, халыққа танымал болды. Сондай-ақ «Тоқырауын толқындары» ансамбліне қатысты. Ол кезде концертті көбінесе



көрініспен қоятынбыз. Совет аға пошташының киімін киіп, хат тасушы болған. Сондағы билеп жүріп ол кісінің орындаған «Почтальон» әнін мен әлі күнге естігем жоқ. Біз сол кісідей болсақ деп армандайтынбыз. Ойындағысын ірікпей, бетке айтатын. Өз алдына ерекше ұстанымы бар ағамызды біз үлгі тұтатынбыз. Әттең, жас кетті, дегенмен біз оны әрқашан еске алып отырамыз.

Еске алушы:
Қуат Қожамбаев,
әріптесі.

Бұл мақалалар 2014 жылы “Балқаш өңірі” газетінде жарияланған. Совет Мұсаұлының ұрпақтары «Тоқырауын толқындары» ансамблінің биылғы 50 жылдығы қарсаңында қайталап, естелікті жергілікті газетке бастырды.



Мен бүгін анамды ойлап еске аламын

Ана – үш әріптен тұратын шағын ғана сөзге бүкіл әлем сиып-ақ кетеді ғой. «Мен де сырғып уақыт, жылжып жылдар өтіп жатса да, өзім әже болсам да, мені өмірге әкелген анашымды бүгінде сағынышпен еске алмын. Қайран анашым, жаның жәннатта болсын.

Менің анашым Бөкеева Раушан ақ көңіл, қарапайым, жас баланың да көңілін қалдырғысы келмейтін жан еді. Анашым бір әулеттен жалғыз бала болған. Әкесі Сәтмағанбет анасы Бәткеш екеуі де атақты мұғалім болған. Анам жасынан еңбекқор Ұлы Отан соғысы жылдары ат арбамен өзінің сыныптастары Зайпан, Қауа, Қауаш апайлармен ауылдағылардың көңілін көтеру үшін ауылдарды аралап, концерт қойып отырған. Әнші болған екен. 1947 жылы әкем майданнан аман-есен оралғаннан кейін танысып, екеуі бас қосқан. Әкешім екеуі 7 бала тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған. Қазір немерелері бәрі өсіп-өнді, қызметте.

Анашым мал бордақылау мекемесінде 30 жылдай бас есепші болып еңбек етті. Сол мекемеде партия ұйымның хатшысы, әйелдер Советінің төрағасы болып қоғамдық жұмыс атқарды. Әр түрлі ұйымнан алған марапаттары, медальдары бар. Әкем де аудан экономикасын көтеруге өзіндік үлесін қосқан жан еді. Аудандық райпотребсоюзда ревизор, аудандық тұрмыстық тұтыну мекемесінің басшысы болды. Кейінен Ақтоғай аудандық газ мекемесін алғаш ашқан кезде соған басшы болды. Сол мекемеден зейнеткерлікке шықты. Анашымның 8 наурызда туған күні еді. Өмірден өткеніне 45 жыл өткенімен, ананың аты ана ғой қашанда, сағынамыз, еске аламыз. Жатқан жері жайлы, топырағы мамық болсын, артындағы ұрпақтарына ғұмыр берсін.

Еске алушы:
қызы Қарғаш, немерелері.

Қайырбек Изатбекұлы Сәдуақасов

Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы, Арқа жұртының ардақты ұлы, Ұлт руханиятының көрнекті өкілі Сәдуақасов Қайырбек Изатбекұлы өмірден озды.

Қайырбек Изатбекұлы 1944 жылы 6 наурызда Қарағанды облысының Ақтоғай ауылында туған. 1960 жылы М.Горький атындағы №1 Ақтоғай орыс орта мектебін алтын медальмен бітірген. 1960-1962 жылдары Қоңырат аудандық байланыс бөлімінде техник, Қарағандының «Гипроуглегормаш» ҒЗИ-нда автоматтандыру лабораториясының лаборанты, Ақтоғай орта мектебінде мұғалім болған. 1968 жылы Қазақ мемлекеттік уни-верситетінің физика факультетін бітірген.

1966-1968ж.ж. оқуды сол факультеттің оптика және спектроскопия, қатты денелер физикасы кафедраларында лаборант, рентгенофизика кабинетінің меңгерушісі қызметтерімен ұштастырған. 1968-1972 ж.ж. №1 М.Горький атындағы орта мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Ақтоғай аудандық оқу бөлімінің инспекторы қызметтерін атқарған. 1972 жылы Қазақстан Компартиясы Ақтоғай аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі болып бекітілген. 1975 жылы жаңадан ашылған Жезқазған облыстық партия комитетінің лекторы, 1976 жылы Жезді аудандық партия комитетінің секретары, 1983 жылы облыстық партия комитетінің ғылым және оқу орындары бөлімінің нұсқаушысы қызметіне ауыстырылған.

1985 жылы Алматының Жоғарғы партия мектебін қызыл дипломмен аяқтаған. 1985-1988 жылдары еңбекшілер депутаттары Жезқазған облыстық Кеңесі атқару комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, облыстық мәдениет басқармасының бастығы, облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды. 1988-1994 жылдары облыстық тарихи өлкетану музейінің директоры, облыстық тіл басқармасының бастығы, 1994-1996 жылдары «Байқоңыр» қаржы-өнеркәсіптік инвестициялық компаниясының бірінші вице-президенті, 1996-1997 жылдары Жезқазған облыстық мәдениет басқармасының басты-



ғы болып қызмет атқарды. 1997 жылдың мамыр айында Жезқазған облысының таратылуына байланысты Қарағанды облыстық мәдениет департаменті бастығының орынбасары-мәдениет және өнер бөлімінің бастығы болып ауыстырылды. 2002 жылдан ҚР Көлік және коммуникация министрілігінің баспасөз хатшысы, кейінде Инвестиция және даму министрілігінің баспасөз қызметінде, индустрия және инфрақұрылымдық даму министрілігінің ақпараттық қамтамасыз ету департаментінде баспасөзге мониторинг жасау жөніндегі кеңесші болып жұмыс атқарды.

Қайырбек Сәдуақасов қызмет атқарған екі облыстың да руханиятын дамытуда сүбелі үлес қосты. Сондай-ақ, қоғамдық жұмыстарға, өлкетану істеріне белсене араласты, аймақтың тарихы мен оның әйгілі перзенттерінің өмірлері мен шығармашылығын зерттеуге, олардың есімдерін жұртшылық жадына сіңіруге, тарихи-мәдени ескерткіштерді жаңғыртуға, мәдениет пен өнер саласын өркендетуге, қазақ тілі мен ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттауға ұйтқы болғаны баршаға аян. Қайырбек Изатбекұлы ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы. Ол «Ерен еңбегі үшін» және басқа бірнеше медальдермен, ҚР Премьер-Министрінің Құрмет грамотасымен, «Тіл жанашыры» төсбелгісі және Құрмет белгісімен марапатталған.

Марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғыра көңіл білдіреміз. Мәңгілік жүрегіміздесіз Ақтоғайдың асыл перзенті!

А. Аманжолов, Р. Әбеуов, А. Капашев, А. Дардақов, Д. Мукатай, Б. Әмірғасым, П. Темірбек, А. Жармағанбетов, А. Қайрат, А. Қуанышбаев, С. Сыздықов, А. Капасов, А. Мурасов.

Қош бол, абыз аға

Ия, таң атқалы желіден "Қайрекен қайтты" деген суық хабар тарап жатыр. Ғажап адам еді ғой, Қайрекен! Марқұмның Жезқазған облысының өнеріне, мәдениетіне сіңірген еңбегі ұшан-теңіз еді. Қазақтың ақ сүйек өнері – айтысты аяғынан тік тұрғызған Тұлға болатын (басқасын айтпағанда). Былтыр 80 жасқа толды. Құрмет көр-сете алмадық тағы да. Үлкен өкініш. Абзал ақынның бір өлеңін оқып ем: "Не берсең де, беріндерші тірімде, Кіріп кетсем, шыға алмаспын бір інге" деген. Хош болыңыз, қайран Қайырбек аға! Қазаға көңіл айту - ғұрыпта бар, Жан емес бүгін, ертең ұмыт қалар. Таң атқалы "Қайрекен қайтты" деген, Жатыр тарап желіде суық хабар. Кім қайтқанын жатыр ма біліп елі?!

Жақсы аға жанымызда жүріп еді. Тумасы ед алтын бесік Ақтоғайдың, Кешегі асылдардың сынығы еді. Кезінде құрастырып жоқтан барды, Талайын көрген тартыс - көкпарлардың.

Ұлтының тілі менен өнерінің, Бірі еді ғой сойылын соққандардың. Оңашада ақын да ед өрген өлең, Сазды да әсем санада зерделеген. Жезқазған, Жезді, Ұлытау өңіріне, Сардар аға сіңірген еңбегі ерен. Кеңесшім болған кісі ед кеше менің, Шулатып жүргенде айтыс көшелерін. Жақсы ағаның рухына бағыштаған, Ұлытаудан дұғам болсын осы өлеңім.

Мұқаш Сейказинов, ақын.

«Қайырбек аға қайтыс болды».

Қандай ауыр қайғы?! Қандай ауыр хабар?! Жаңа аптаның таңы осындай қаралы осындай қазаны естіртті...

Қайырбек аға Арқаның абызы, кешегі Алаш көсемдерінің избасар-жоқшысы еді... Өзі де Алаш көсемдерінің алтын бесігінде дүниеге келіп, Ақтоғайдың барын базарлап, жоғын түгендеп, қазаққа қалтқысыз қызмет етудің үлгісіне айналды. Қаралы хабарды естіген сәтте шерлі көңіл сонау 90-шы жылдар қойнауына саяхаттап ала жөнелді.

Ауылдан келіп, қала өміріне бейімделе алмай жүрген студентпіз. Өркениетті тосырқай қабылдайтын ауыл баласының мұндайда іздейтіні – шынайы қамқор аға, жанашыр пейілдегі адам ғой. Мен үшін де, сол жылдары Жезқазғанға арман жетегінде келген барлық қазақ жастары үшін, талантты ұл-қыздар үшін де Әкедей қамқор, ағадай жанашыр болған жақсы аға, жайсаң азамат осы Қайырбек аға еді. Сол кездегі Жезқазған облысының мәдениет басқармасын басқарды. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы обылстық бөлімшесінің төрағасы болды. Жас ақындарға «Қазақ тілі» қоғамы атынан шәкіртақы тағайындап, қазақтың өнері мен әдебиетіне ерекше қамқорлық танытқанын қалай ұмытайық?! Қайран, Аға!

Нағыз ұлылықтың ұшқынынан жаралған зиялы жанның шарапатын көп көрдік. Сол кезде орыс мектебін «Алтын медальмен» бітіргенін еститін едік. Бірақ, орыс мектебін бітіргеніне сенбейтінбіз. Өйткені, қазақтың өнері мен мен мәдениетіне, әдебиетіне деген жанашыр пейілі мен, ұлттың тілінде көшелі сөйлеп, көркем жазатын қабілетіне тәнті болып жүретін едік.

Бүгінгі таңда республикалық деңгейге көтеріліп, жүздеген таланттың бағын ашып, жұлдызын жарқыратқан «Ұлытау үні» фестивалінің авторы Қайырбек аға



болатын. Қазір қалам ұстап, әдебиет әлемінің көрнекті тұлғасына айналған қаламгерлер де, өнер әлемінде жарық жұлдызға айналған әнші-күйшілер де – осы «Ұлытау үнінде» тұсауы кесіліп, Қайырбек ағаның шапағатын көргендер. Мен секілді әкесіз өскендердің қолдаушысы да, жебеушісі де болған үлкен парасат, шексіз мейірімнің иесі еді...

Ағатай! Қайырбек ағаны осылай атаушы едім...

Мынау әлем-жәлем, қызылды-жасылды жалғанның сірлеуінде Сіздің айшықты ізіңіз, алаштану, әлихантану ғылымында өшпес қолтаңбаңыз қалды. Бүгінгі таңның ызғарымен жеткен суық хабар бойымды мұздатып, жүрегімді сыздатып жібергені-ай!.. Ағатай, неге асықтыңыз? Аман тәтемді сағынып кеттіңіз бе? Астанаға бара қалсам, Сізді іздеп барушы едім... Астанада ағам бар, әкем бар деп жүруші едім... Енді кімді іздеп, кімге барамын, Ағатай? Әрине, Алланың әміріне қарсы тұрар дәрмен жоқ... Алла алдыңыздан жарылқап, мәңгілік мекеніңіз жұмақтан болғай! Қош, қазақтың қабырғалы қайраткері, Арқаның абызы!

Алтынбеков Бекзат Қомарұлы,


Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, ұлттық «Алтын жүрек» сыйлығының иегері, «Қоғам қайраткері».

Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебі РО жанындағы интернаты КММ ұжымы осы аталған мектептің мұғалімі Жазыбекова Айтбалаға апасы **Мұқажанқызы Ләззаттың** қайтыс болуына орай қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Открылось наследство после смерти Нұрқасым Абая Сәбитұлы, 12.05.2000 года рождения, умершего 19.08.2024 года. Наследникам обращаться к нотариусу Имашевой М.К. по адресу Карагандинская область Ақтоғайский район поселок Сарышаган улица Темиржол 12 Б.

Открылось наследство после смерти Макшионовой Гульмиры Шаймуратқызы, 24.04.1973 года рождения, умершей 26.12.2024 года. Наследникам обращаться к нотариусу Имашевой М.К. по адресу Карагандинская область Ақтоғайский район поселок Сарышаган улица Темиржол 12 Б.

Құттықтаймыз!



Қасабай ауылының тұрғыны **Әнуарбеков Бейбіт Әнуарбекұлы!**

Құрметті әке! 70-тің белесіне шыққан, мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Деніңізге саулық, ұзақ ғұмыр, ашық аспан, мол бақыт және талай табыс тілейміз. Біздің қуанышымыз, асқар тауымыз боп жүре беріңіз. Алланың берген жасын жасап, ұзақ ғұмыр кеңіңіз. Әрбір арайлап атқан күн сізге тек қана қуаныш пен береке әкелсін.

Өткен күннің артта қалып елесі,
Тіршіліктің жылжи берер кемесі.
Басыңызға бақ пен ырыс сыйлаған,
70 жастың құтты болсын белесі.
Балаларың басыңдағы бағыңыз,
Жүзге дейін нұрлы шырақ жағыңыз.
Өзіңізді мәпелеген, баптаған,
Аман болсын анамыздай жарыңыз.

Ізгі ниетпен: жұбайы – Нұрлығайын және балалары.



Аяулы ұстазымыз **Нәсіп Климқызы!**

Сізді 60 жасқа толған мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

Ұстаз болу жай ғана мамандық емес, бұл жүректің қалауы, үлкен жауапкершілік пен адалдықты талап ететін қасиетті



жол. Сіздің білім саласындағы ойып тұрып орын алатын қажырлы өнегелі еңбегіңіз бен өмірде түйген тәжірибеңізбен, тындырымды талапшыл мінезіңізбен, қарапайым парасаттылығыңызбен бүгінде үлкен абырой беделге ие болған майталман ұстаз, ақжүрек азаматша ретінде сізді құрмет тұтып сыйлаймыз. Арманыңыздың басты мақсаты ізіңізден еріп келе жатқан балаңыз Айбек бүгінде сіздің жолыңызды жалғастырып, шәкірт тәрбиелеп, мұғалімдік қызметінде үлкен жетістіктерге жетуде. Бала өсіріп, құда-жекжатты болып, немере сүйіп, өрісіңіз кеңейіп, өркеніңіз өскен жансыз. Біз сізбен мақтанамыз.

Бүгінгі күн-бөлектеу күн маңызды,
Маңыздысы – бүгін туған жан ізгі.
Алтыс мәрте күнді айналған жұмыр жер,
Сізге бақыт тілеп тұрған тәрізді.
Сыйлайтын үлкенді де, кішіні де,
Жүрегіммен түсінетін кісіні де.
Мынау өмір жұмақ болып кетер еді,
Сіздей болса бар адамның пейілі де.
Қарапайым қалпын сақтап биіктік,
Немерені сүйеді гой иітіп.
Ана болып, бауырларға пана болып отырсыз,
Бір әулетті ұйытқыдай ұйытып.
Қызыққа әрі қарай кенеліңіз,
Құрметіне халықтың бөлендіңіз.
Жан-жағыңа сая болып бәйтеректей,
Өсіңіз өніңіз көбейіңіз.

Алдағы уақытта жасыңыз ұзақ болып, көрген бейнет, төккен тердің зейнеті мың есе денсаулық, бақыт, байлық әкелсін. Бойыңызға мұқалмас жігер, қайтпас қажыр отбасыңызға кетпейтін бақ-ырыс тілейміз.

Ақ тілекпен: «Аққыз» бөбекжайының ұжымы.

Құттықтаймыз!



Құрметті де қадірлі **Тыныбекова Бақыт Мұқтарбекқызы!**

Сізді айтулы белес – 70 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, баянды ғұмыр тілейміз. Отағасы Жәкемнен бірге бала-шаға, немерелеріңіздің қызық-қуаныштарына кенеліп, арамызда аман-есен жүре беріңіз.

Зор денсаулық біз тілейміз әрқашан,
Жете бергін армандарға аңсаған.
Өмірдің мәні болған ұрпағыңыз,
Мол қуаныш сыйлай берсін әрқашан.

Ізгі тілекпен: достарыңыз – Іңкәрбек, Санабек, Бекет, Қабдырахым, Мейрамның отбастары.



Әрбір ісіне адалдықты ту етіп, жеке басының ақыл-парасатымен кейінгілерге үлгі бола білген сүйікті сіңілі, аяулы, әпкеміз **Көкеева Әлияш Керімбайқызы!**

Сізді мерейлі жасыңызбен құттықтай отырып, отбасының берекелі, туғандарының аман болуына, денсаулығы мықты қалтында ұзақ жасауына тілектеспіз. Әпке, елге сыйлы, туыстарыңызға бауырмал, әрдайым көпшіл қалпыңыздан айнымаңыз,

Құтты болсын алтыс жас,
Таңмен бірге нұр шашқан.
Өзіңізге тілейміз,
Таусылмайтын жыр дастан.
Мерейтойда құлпырып,
Бөленіңіз бақытқа.
Бұл алтыс жас бөлесін,
Таусылмайтын шаттыққа.
Төбемізден төге бермес шуақты,
Тағдыр шіркін қатыгездесу болса да.
Жаны жайсаң асыл әпкем сияқты,
Жақсы адамдар тіршілікте қаншама!

Құттықтаушы: бауырларыңыз – Кентай-Бақша, Нұрзия, Гүлшат, Қанат-Әлия, Ғайнолла-Саламат, Нұргелді-Индира, Марғұлан-Сәуле, Бекзат-Мая, Жанболат-Айзада.



Құрметті келіміз **Ғалым Алтынай Сейфоллақызы!**

Сізді 30 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Осы мерейлі жасқа қадам басқан абзал, ата-анамызды аялы алақанымен мәпелеп отырған жанға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, шадыман шаттық тілейміз. Деніңіз сау болып, ақжарқын көңіліңізбен жадырап-жайнап, Олжас екеуіңіз ортамызда сый құрметіңізбен жарасып жүре беріңіз. Жасыңызға жас қосылып, мерейлі мерекелеріңіз той думан қызықтармен толыға берсін.

Басыңыздан кетпесін бақ-береке,
Құтты болсын, туған күн, гүл мереке.
Алла берген ғұмырдың жақсылығы,
Ортаймасын ешқашан шуақтап, нұр-келбетке.

Ақ ниетпен: Жақыпбеков әулеті.

Құттықтаймыз!

Құрметті әріптесіміз **Нәсіп Жармағанбетова!**

Сізді 60 жасқа толған мерейжасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

Нәсіп апай сізді шәкірттеріңіздің жылы жүректі ұстазы, аяулы ана, немерелеріңіздің асыл әжесі, бауырларыңыздың қамқоршысы,



әріптестеріңіздің жанашыры деп білеміз. Көп жылдар бойы ақырын жүріп, анық басқан ұстаз болуыңызбен бірге, жас ұрпақты сабырлы мінезбен, салиқалы, салмақты ақылыңызбен тәрбиеледіңіз, әрқайсының өмірде өз орнын табу үшін берген ақыл-кеңестеріңізге, келешек буынды ел қатарына қосуға сіздің ұстаздық еңбегіңіз зор. Сіз елге елеулі, халыққа қалаулы болып туған жерге маңдай тер төгіп, еңбек сіңірдіңіз. Қоғамның әрбір жаңалығын жылы қабылдап, қоғамдық істерге де белсене араласып келесіз. Бойыңыздағы бар жинап-терген біліміңізді оқушылардың санасына сапалы етіп сіңіре білдіңіз, ұрпағыңыздың білімді, парасатты болып шығуын мақсат еттіңіз. Ол арманыңыз өзіңіздің еңбегіңіздің арқасында орындалды.

Үлгі болған үлкенге де жасқа да,
Сыйлар сізді туған-туыс, басқа да.
Бақытты боп бұл өмірде мәңгілік,
Қуатыңыз таусылмасын 100 жаста да!

Құрметпен: Ақтоғай ауылдық аналар кеңесінің ұжымы



Аяулы ана, асыл жар, ардақты ұстаз **Мұхаметжанова Забира Теміртасқызы!**

Сізді 60 жасқа толған мерейжасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

Сізге ең алдымен зор денсаулық, қажымас қайрат, сонымен қатар өмірдің бар асылын тілейміз. Сіз өміріңіздің 40 жылға жуығын мұғалімдікке арнап, ел игілігі үшін еңбек етіп, жарқын болашаққа қарымды қадам жасаған ұлағатты ұстазсыз. Өмірдің қиындығымен бірге қуанышы да бар. Шәкірті биікке самғаса, ұстаздың төбесінің көкке жеткені. Білім нәрін төккен, ғұмырын ізденіспен өткізген барша шәкірттерінің алғысын естіген анамыздың ұрпақ тәрбиесі жолында жасаған еңбегіне бас иеміз. Мақтанамыз. Ісіңіз алға басып армандаған мақсаттарыңыз орындала берсін. Ешқашан мұаймаңыз, әрқашан жүзіңізден күлкі кетпесін. Отбасыңыз аман, жақындарыңыз сау болсын. Әкеміз екеуіңіз аман болып, немере-шөбере бақытына бөленіңіздер.

Мерейлі жасың қуантып, бақ сыйласын,
Қуанышын көп беретін сәт сыйласын.
Арман менен мақсаттарың орындалып,
Абыройлы, мақтан етіп ел сыйласын.

Ізгі тілекпен: жолдасы – Нұрхан, балалары – Динара, Анара, жиендері – Кәусар, Ақниет, Әлихан, Жанайым, Жансезім



Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.

Таралымы 920 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй. Телефондар: редактор: 2-18-81, 87770498986



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.